

МУЗЕЙ ТҮНІ

# ҒАЖАЙЫПТАР ӘЛЕМІ

Орта Азиядағы байырғы және бірегей музей саналатын Алматыдағы Мемлекеттік Орталық музейі 10 жылдан бері мәдени-тарихи мұраларымызды дәріптеуде айырықша орны бар «Музей түні» жобасын жүзеге асырып келеді. Бұл шара 1977 жылы Мәскеу қаласында өткен Халықаралық Кеңестің XI Бас конференциясында бекітілді. 1997 жылы алғаш рет «Музей түні» шарасы Берлин қаласында өткізіліп, бірден әлемге таралды. Ресейде осы төрізді мереке алғаш рет 2002 жылы Краснояр қаласында өткізілді. 2005 жылдан бері француздар «Музей түні» халықаралық музейлік шараны жыл сайын атап өтуді жолға қойды. Сол жылы идея Еуропалық Кеңеспен бекітілді. Шара Халықаралық музейлер Кеңесінің (ICOM) бақылауының аясында жүзеге асырылады. 2006 жылдың өзінде ғана «Музей түніне» әлемнің 38 елінің 2 мыңнан астам музейлері өсіктерін айқара ашты. Қазақстан да осы жылы «Музей түні» халықаралық шарасына қосылды. Елімізде «Музей түні» шарасын алғашқылардың бірі болып ұйымдастырған – ҚР Мемлекеттік орталық музейі (жоба жетекшісі – ҚР МОМ директоры Нұрсан Әлімбаев).



мәдени дәстүрі. Бұл сайып келгенде, туған қаламыздың мәдени ортасын қалыптастыруда орасан зор мәнге ие. Сонымен қатар «Музей түні» – ол барлық шығармашылық тұлғалардың жүздесіп, пікірлесетін құтты орны. Жобаға қатысушылар (серіктестер) мен келушілердің саны жыл сайын артып келеді. 2006 жылы «Музей түніне» 1175, 2008 жылы 2500 адам келді, ал 2012-2014 жылдары келушілердің (студенттер, оқушылар, ересек жастағы келушілер, туристер) саны 7000-нан асты. Музеймен серіктестік орнатуға жаңа ұйымдар, қорлар, компаниялар, шығармашылық бірлестіктер, коммерциялық құрылымдар және тағы басқалар тартылады. 2014 жылы жоба аясында 150-ден астам компаниялар, мекемелер мен жеке тұлғалар серіктес атанды.

«Музей түнінде» балалар мен жастарға арналған алуан түрлі шаралар – көрмелер, шеберлік кластары, шоу-бағдарламалар, суретшілер, қолөнершілер қатысатын бейнелеу өнері көрмелері, кино көрсетілімдер, концерт және басқа да іс-шаралар өткізіледі. Жыл өткен сайын жобаның тақырыптары мен мазмұндық құрылымдары жаңартылып, байытылып отырады. Халықтың әр түрлі жастағы және әлеуметтік категорияларына арналған іс-шаралардың бағдарламалары да кеңейтілуде, жаңа қатысушылар тартылып, тың идеялар мен жобалық ұсыныстар жүзеге асырылуда. Соңғы кезде «Музей түні» ұйымдастырушылар өз алдарына тарихи экспозицияларды образдық қойылымдармен «тірілтуді» алдарына мақсат етіп қойып жүр. Бұл музейге келушілерді әлдебір өзіндік сиқырлы күшімен билеп, таңғалдырары анық. Әр «Музей түнінде» қадым замандағы тарихи дәуірлердің кейіпкерлеріне «жан бітіп», бүгінгі замана жұртымен қауышып, жүздеседі. Бұл музей қызметкерлері – археолог, этнограф, тарихшылардың

мерекеге қосқан сүбелі өзіндік «қолтаңбасы». 2010 жылы музей ішінде дәкемен басын шандыған «тірі аруақ» – мумия-міскін кезіп жүрді, ал археология залы экспозициясында «көнемысырлық мумияның бір бөлігі» жәдігері (Фивы к., б.з.д. екінші мыңжылдық) қойылды. 2013 жылы археологтар театрландырылған бақсы әйел (шаман әйел) рәсім-ғұрыптарын тарту етті. Ал 2014 жылы музейдің археология орталығы «Музей түні» мерекесіне келушілер назарына олармен өзара дидарласатын «Алғашқы қауым адамдарының бір күні» атты интерактивті қойылым ұсынды. Ғажайып ертегі түнде жұртшылық Адам Ата және Хауа-Анамен бір сәтке жүздесіп, олармен бірге естелікке фотосуретке түсуге мүмкіндік алды. Қонақтар №1 экспозициялық залдың «Тас ғасыры» бөлімінде алғашқы қауым адамдарымен, олардың баспаналарымен, киімдерімен, еңбек құралдарымен танысып қана қойған жоқ, сонымен бірге тасты өңдеу, от жағу секілді машықтарды үйрететін шеберлік кластарына да қатысты. Тарихи кезеңдер тізбегін жалғастыра отырып, биыл 15 мамырда түн жарымына дейін өткізілетін дәстүрлі «Музей түні» думанды мерекесінде музей археологтары қола дәуір адамдарының мәдениеті мен тұрмысын бейнелейді. Қонақтарды бұл түні қызғылықты интерактивті қойылымдар күтіп тұр. Музей қонақтары бұл түні музейдің жаңа коллекцияларымен және көрмелік жәдігерлермен танысады. Бұл, әрине, күнделікті тұрақты көрмеден көре алмайтын, тек осы «Музей түнінде» ғана көзқуагер бола алатын бірегей және сирек экспонаттар.

2015 жылы ҚР Мемлекеттік орталық музейі халықаралық жобаның мерейтойына арнап, музей қорынан мынадай 5 тақырыптық көрме дайындалды: Біріншісі – «ҚР МОМ қорынан алынған самаурын коллекциялары» көрмесі. Бұл көрмеде мереке меймандары сыйымдылығы 30 литр

ең үлкен самаурынды тамашалайды. Бұл «алып» самаурын бетінен ағайынды Шемариндердің сауда үйінің тауарлық маркасын тануға болады. Самаурындар топтамасы ішіндегі ең құнды жәдігерлер – 1825 жылы жасап шығарылған «көнекөз» самаурын мен 1926 жылы Қарқаралы жәрменкесінде сатып алынған самаурын болып табылады. Екінші көрме – Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына арналған «Ер есімі – ел есінде» атты көрме, үшіншісі – Қазақстан халықтары ассамблеясының 20 жылдығына арналған «Ынтымағы жарасқан біртұтас отбасы» көрмесі. Аталмыш көрмеге келушілер елімізде мекен ететін әр түрлі ұлт диаспораларының дәстүрлі мәдениетімен және тұрмысымен жан-жақты таныса алды. Төртіншісі – «ҚР МОМ қорынан алынған «Қазақстан қола дәуірінде б.з.д. XVIII-IX ғғ.» көрмесі. Мұнда қола дәуірінің артефактілері – қыш, тау-кен ісі мен мыс балқыту өнеркәсібінің құрал-жабдықтары, егіншілік және үй кәсібі құралдары, қару-жарақтар, ат әбзелдері, әшекейлер мен бойтұмарлар, сондай-ақ монументтік өнер – петроглифтер ескерткіштері қойылды. Бесіншісі – «Ислам мәдениеті құндылықтары» көрмесі.

«Музей түні» бағдарламасының ең қызықты шараларының бірі – жеке коллекциялардан ашылатын көрмелер болмақ. Олардың қатарында кескіндемеші Иван Стадничуктың (1923-2000 жж.) көрмесі мен ҚР еңбек сіңірген сәулетшісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты және Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері Арыстан Қайнарбаевтың көрмесі бар.

Музей қонақтары шоу-бағдарлама, шеберлік кластары, О.Таңсықбаев атындағы сәндік-қолданбалы өнер колледжі студенттерінің қатысуымен өтетін этникалық коллекциялардың сән дефилесі, солардың ішінде музей археологтары, этнографтары мен қор сақтаушылары арнайы әзірлеген ең қызықты интерактивті білім бағдарламалары секілді алуан түрлі акциялар мен тосын сыйлар күтіп тұр. Мерекенің ең жарқын сәті – «Халықаралық Музейлер күні» мерекесімен құттықтауға келетін ҚР халық және еңбек сіңірген артистері – сүйікті қазақстандық эстрадамыздың жұлдыздары қатысуымен өтетін думанды концерт болмақ.

ҚР Мемлекеттік орталық музейі барша жұртшылықты 15 мамырда сағат 19.00-ден түн жарымына дейін өткізілетін «Музей түні» мерекесіне қатысуға шақырады. Мерекеді музей қонақтарына тамаша көңіл күй және естен кетпес жарқын әсерлер сыйлайтын қызықты бағдарламалар ұсынылады.

Анна КУЩЕНКО,  
Мемлекеттік орталық музейінің  
мәдени-білім жұмыстары орталығының  
жетекшісі,  
Айнұр СЕМІЗТАЕВА,  
музейдің редакторы



«Музей түні» жобасының негізгі мақсаты – музейге жұртшылықтың назарын еліміздің негізгі мәдени-білімнің ошағы және белсенді әлеуметтік-мәдени мекеме ретінде аудару, тарихи-мәдени мұраларға арналған бірегей шаралар мен бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы музейдің беделін арттыру.

«Музей түні» – ол жастардың шығармашылық дамуына үлкен серпін беретін қаламыздың ірі мәдени оқиғасы және музейдің жаңа орныққан лайықты